ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі

Қорғаныш киім. Механикалық әсерлерден қорғау
ҚОЛ ПЫШАҚТЫҢ КЕСУІНЕН ЖӘНЕ СОҚҚЫСЫНАН ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН АЛЖАПҚЫШТАР, ШАЛБАРЛАР МЕН КҮРТЕШЕЛЕР
Техникалық шарттар

Одежда защитная. Защита от механических воздействий
ФАРТУКИ, БРЮКИ И КУРТКИ ДЛЯ ЗАЩИТЫ ОТ ПОРЕЗОВ И УДАРОВ РУЧНЫМ НОЖОМ
Технические условия

ҚР СТ ИСО 13998-2010

ISO 13998:2003Protective clothing – Protection against mechanical influences Aprons, trousers and vests protecting against cuts and stabs by hand knives - Technical specifications (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі

Қорғаныш киім. Механикалық әсерлерден қорғау

ҚОЛ ПЫШАҚТЫҢ КЕСУІНЕН ЖӘНЕ СОҚҚЫСЫНАН ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН АЛЖАПҚЫШТАР, ШАЛБАРЛАР МЕН КҮРТЕШЕЛЕР

Техникалық шарттар

ҚР СТ ИСО 13998-2010

ISO 13998:2003Protective clothing – Protection against mechanical influences
Aprons, trousers and vests protecting against cuts and stabs
by hand knives - Technical specifications
(IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және ТК 73 «Жеңіл өнеркәсіп өнімі» техникалық комитеті **ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2010 жылғы 04 қазандағы № 439-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 13998:2003 Protective clothing – Aprons, trousers and vests protecting against cuts and stabs by hand knives (Қорғаныш киім, қол пышақтың кесуінен және соққысынан қорғауға арналған алжапқыштар, шалбарлар мен кеудешелер. Жалпы талаптар) халықаралық стандартымен бірдей.

Осы стандарт ИСО/ТК 94/ПК 13 «Жеке қауіпсіздік – Қорғаныш киімі және жабдық» техникалық комитетімен бірлесіп, хатшылығы DIN өткен CEN/ТК 162 «Қорғаныш киімі, оның ішінде қол мен қол басын қорғау және құтқару кеудешелері» техникалық комитеті әзірледі.

ISO 13998:2003-тен ерекше ережелер мәтін бойынша көлбеу жазумен ерекшеленген.

Ағылшын тілінен аудармасын - (en) «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК орындады.

Негізінде осы стандарт дайындалған халықаралық стандарттың ресми даналары және сілтемелер берілген халықаралық стандарттар Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК-да бар.

«Нормативтік сілтемелер» бөлімінде және стандарт мәтінінде сілтемелік халықаралық стандарттар өзектендірілген.

Мемлекетаралық стандарттардың сілтемелік еуропалық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер Д.А қосымшасында берілген.

Сәйкестік дәрежесі - бірдей (IDT)

4 Осы стандартта:

2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының,

2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының,

2007 жылғы 15 мамырдағы № 251-3 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің,

2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-4 «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің нормалары іске асырылды

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2016 жыл
ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістердің мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде Қазақстан Республикасы аумағында толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Сапа деңгейлерін жіктеу	6
5	Талаптар	6
6	Сынауға арналған жабдық	10
7	Сынақ өткізу процедуралары	16
8	Таңбалау	21
9	Дайындаушы ұсынатын ақпарат	21
10	Пиктограммалар	23
	А қосымшасы (ақпараттық). Алжапқыш пен басқа киімнің әр түрлі өлшемдерінің сәйкестігін тексеру, қауіп-қатерін бағалау және іріктеу жөніндегі ұсынымдар	24
	В қосымшасы (ақпараттық) Дәнекерлеу жіктерінің ақауларын анықтау	29
	Д.А. қосымшасы (ақпараттық). Мемлекетаралық стандарттардың сілтемелік еуропалық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер	32
	Библиография	33

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Қорғаныш киім. Механикалық әсерлерден қорғау ҚОЛ ПЫШАҚТЫҢ КЕСУІНЕН ЖӘНЕ СОҚҚЫСЫНАН ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН АЛЖАПҚЫШТАР, ШАЛБАРЛАР МЕН КҮРТЕШЕЛЕР Техникалық шарттар

Енгізілген күні 2011-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт қол пышақтарды өндірісте пайдалану процесінде туындайтын қайғылы оқиғалар кезінде кесуінен және соққысынан адам денесінің тиісті бөліктерін қорғауға арналған алжапқыштарға, шалбарларға және күртешелерге қолданылады.

Стандарт құрастырылымына, тесуге және кесуге төзімділігіне, киім өлшемдеріне, эргономикалық сипаттамаларына, қауіпсіздік талаптарына, су сіңіргіштігіне, тазартуға және зарарсыздандыруға (химиялық тазартуға), таңбалауға және дайындаушының алжапқыштарды, шалбарлар мен күртешелерді пайдаланушыларға ұсынатын ақпаратына қойылатын талаптарды белгілейді. Ол сондай-ақ қорғау деңгейлерін және тиісті сынау әдістерін қарастырады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Күні көрсетілген сілтемелер үшін сілтемелік нормативтік құжаттың көрсетілген басылымы ғана қолданылады, күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымы қолданылады (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда).

ҚР СТ 1.9-2007 Қазақстан Республикалық Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Халықаралық, өңірлік және шет мемлекеттердің ұлттық стандарттарын және басқа стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды Қазақстан Республикасында қолдану тәртібі.

EN 1082-1:1996 Protective clothing – Gloves and arm guards protecting against cuts and stabs by hand knives – Part 1 Chain mail gloves and arm guards (Қорғау киімі. Қол пышақпен кесуден қорғауға арналған биялайлар мен жеңқаптар. 1-бөлім. Сауыт биялайлар мен жеңқаптар).

EN ISO 13997:1999 Protective clothing – Mechanical properties-Determination ofresistance to cuttingby by sharp objects (Қорғаныш киім. Механикалық қасиеттері. Өткір заттармен кескен кезде беріктігін анықтау).

EN 340:2003 Protective clothing – General requirements (Защитная одежда. Общие требования) EN 20811:1992 Textiles - Determination of resistance to watter penetration – Hydrostatic pressure test (Тоқыма. Су сіңірмейтін қабілетін анықтау. Гидростатикалық қысыммен сынау).

1-ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттың қолданысын ағымдағы жыл сайын басылып шығарылатын «Еуропа стандарттау жөніндегі комитеттің стандарттары (CEN)» каталогы бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (жойылса), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

2-ЕСКЕРТПЕ Сілтемелік нормативтік құжаттар ҚР СТ 1.9-ға сәйкес қолданылады.

Ресми басылым

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта мынадай терминдер тиісті анықтамаларымен бірге қолданылады:

3.1 Алжапқыш (apron): Кеуде сызығынан аяққа дейін адам денесінің алдыңғы бөлігін жауып тұратын қорғаныш киім.

3.2 Бөлінген алжапқыш (dividend apron): Сан аймағындағы қорғаныш беті қысқа шалбарға ауысатын және аяқты тізеге дейін жауып тұратын алжапқыш (1a суретіне қараңыз).

3.3 Қорғаныш шалбар (protective trousers): Аяқты және адам денесінің төменгі бөлігін беліне дейін жауып тұратын шалбар түріндегі қорғаныш киім.

ЕСКЕРТПЕ Қорғаныш беті киімнің белгілі бір бөлігімен шектелуі мүмкін (1b суретіне қараңыз).

3.4 Қорғаныш күртеше (protective vest): Адам денесінің алдыңғы, бүйір жақ және иық бөлігін дене бітіміне дейін жауып тұратын қорғаныш киім.

ЕСКЕРТПЕ Қорғаныш беті киімнің белгілі бір бөлігімен шектелуі мүмкін (1c және 1d суретіне қараңыз).

3.5 Қорғаныш беті (protective surface): Қол пышақтан алынған сұғылған жарақаттардан және кесулерден қорғауға арналған материалдан құрастырылған киім бөлігі.

3.6 Қорғаныш материал (protective material): Киімнің қорғаныш беті құрастырылған материал(дар).

ЕСКЕРТПЕ Осындай материал металл сауыттан болуы немесе сол функцияларды атқаратын қосылған металл тілімшелерден немесе материалдардан тұруы мүмкін.

3.7 Өзара түйіндер (interstice) (металл торда): Киімнің қорғаныш материалының екі немесе одан көп элементтері арасындағы кеңістік немесе саңылау.

3.8 Жабын немесе жабынның материалы (cover or covering materials): Қорғаныш материалынан киімнің екі (мысалға, жақын қалтаның) немесе бір бағытты қабатын жасау үшін пайдалануға болатын материал.

3.9 Алжапқышты бекіту құралдары (apron support): Қолданған кезде алжапқышты адам денесінде ұстап тұруға көмектесетін құралдар.

ЕСКЕРТПЕ Алжапқышты бекіту құралдарына мыналар жатады:

- 2-а суретінде көрсетілгендей Х түріндегі иық аспа бау және жеке бел белбеуі;
- 2b суретінде көрсетілгендей Y түріндегі бел белбеуімен қосылған иық аспа бауы;
- қорғаныш алжапқышы бекітілетін жеңсіздер немесе белбеулер;
- 1c және 1d суретінде көрсетілгендей, қажетті өлшемдегі киімді, мысалы, арқасы қысқа және алдыңғы жағы ұзын жеңсіз пиджакты жасау үшін қорғаныш материалын ұзарту.

3.10 Ерекше жіңішке пышақ (ultra narrow knife): Ұшынан 20 мм қашықтықтағы ені 8,0 мм кем емес жүзі бар пышақ (А қосымшасын қараңыз).

3.11 Жіңішке пышақ (narrow knife): Ұшынан 20 мм қашықтықтағы ені 8,0 мм-ден 12,5 мм дейін болатын жүзі бар пышақ.

3.12 Жалпақ пышақ (broad knife): Ұшынан 20 мм қашықтықтағы ені 12,5 мм артық жүзі бар пышақ.



а) Адам денесінің жоғарғы бөлігін жауып тұратын, қысқа шалбарға ауысатын бөлінген алжапқыш



b) Қысқа шалбар, алдынан көрінісі



c) Жеңі жоқ күртеше, пиджак немесе футболка түріндегі алжапқыш



d) Жеңі жоқ күртеше, пиджак немесе футболка түріндегі алжапқыш, артынан көрінісі

1-сурет – Белден тізеге дейін қысқа алжапқышты қоспағанда, қорғаныш киімнің типтері



Шартты белгіленулер	5 Белбеудің ұзындығын өзгертуді реттегіш
1 Иық аспабауы	6 Қорғаныш беті
2 Иық белбеулерін бекіту нүктелері	7 Белбеулер өздігінен (тәуелсіз) қозғала алатын шектеу айылбасы
3 Белдік белбеуін бекіту нүктелері	8 Сыртқы бетінде ғана көрінетін бірдейлендіру таңбалауы
4 Белдік белбеуі	

2-сурет – Алжапқыштың аспабаулары мен белбеулері

3.13 Бекіту нүктесі: Аспабау немесе белбеу бекітілетін қорғаныш киімінің ажырамас бөлігі болып табылатын ілгек немесе сақина.

3.14 Бекіткіш: Алмалы-салмалы аспабаулар немесе белбеулер киімдегі бекіту нүктесіне бекітілетін құрал.

3.15 Қорғаныш бетін бірдейлендіретін таңбалау: Қорғаныш бетін көрсететін, киімнің сыртқы бетіндегі таңбалау.

3.16 Белдік сызығы: Сан сүйегінің жоғарғы бөлігі деңгейінде жазықтықты білдіретін көлденең сызық (сегізкөзден жоғары жазықтық).

3.17 Кеуде аймағындағы алжапқыштың немесе кеудешенің орталық нүктесі: Бел сызығынан $^{1}/_{2}$ l_2 жоғары қашықтықтағы алжапқыштың ортаңғы сызығының нүктесі (3-суретке қараңыз).

4 Сапа деңгейлерін жіктеу

Белгілі бір жағдайларда қорғаныш киімі қамтамасыз ететін қауіпсіздік дәрежесіне байланысты қорғау деңгейі белгіленеді. Қорғау деңгейі белгіленген көрсеткіштерге сәйкестігіне киімге сынақтар өткізілген кезде ескерілуге тиіс.

1-ЕСКЕРТПЕ 1-ші қорғау деңгейі: Қауіптіліктің төмен деңгейімен байланысты жағдайларда, мысалы, кең жүзді пышақты қолдану кезінде жұмысшыларды қорғауға арналған киім (А қосымшасын қараңыз).

2-ЕСКЕРТПЕ 2-ші қорғау деңгейі: Қауіптіліктің жоғары деңгейімен байланысты жағдайларда, мысалы, үлкен ет ұшаларына бөлуге арналған тар жүзді пышақты қолдану кезінде жұмысшыларды қорғауға арналған киім.

5 Талаптар

5.1 Қауіпсіздік

Қорғаныш киімі оны қолдану жөніндегі дайындаушының нұсқауларына сәйкес олармен жұмыс істейтіндердің де, сол сияқты олармен байланыстағы адамдардың да қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жобалануға және дайындалуға тиіс. Киімді дайындау үшін пайдаланылатын бұйымдар, материалдар және олардың құрамына кіретін заттар оны киім жұмыс істеп жатқан адамдарға қауіп төндірмеуге тиіс.

Тұтынушыға арналған ақпарат құрамында дайындаушы немесе оның өкілі киім құрамына кіретін: белгілі, аллергия тудыратын немесе 9-тарауында көрсетілгендей жарық сезгіш материал болып табылатын барлық заттардың атауын көрсетуге тиіс. Киім бөлшектерінің беті мен шеті үшкір немесе қатты болмауға тиіс, бетінде жіктер, қатпарлар болмауға тиіс, қорғаныш киімінің шеттері немесе бекітпелері пайдаланушыларға немесе басқа адамдарға зиян келтірмеуге тиіс. Бақылау 7.3 сәйкес өткізілуге тиіс.

5.2 Киімнің өлшемі

Қорғаныш киімі 8-тарауға сәйкес өлшеммен таңбалануға тиіс. ЕН 340:1993 бойынша өлшемге қорғаны киімі арналған пайдаланушының бойы, кеуде (төс) айналымы және бел айналымы кіруге тиіс, бұл дайындаушы берген ақпаратта көрсетілуге тиіс (9-тарауға қараңыз). Белден төмен денені қорғайтын киімнің өлшемінде пайдаланушының бойы мен бел айналымы көрсетіледі. Өлшемдерге және оларды таңбалауға қойылатын талаптар 7.4-те көзделген.

5.3 Қорғау аймақтарының ең аз өлшемдері

5.3.1 1-қорғау деңгейінің және 2-қорғау деңгейінің алжапқыштары

Қорғау деңгейлерінің екеуіне сәйкес келетін алжапқыштарда өлшемдері пайдаланушылардың тиісті өлшемдерімен анықталуға тиісті қорғаныш аймағы болуға тиіс.

Қорғаныш киімінде көзделген барлық бетіне қатысты қорғау аймақтарының өлшемдері мен қалпы дайындаушы ұсынған ақпаратта берілуге тиіс (9-тарауға қараңыз). Төменде белгіленген ең аз қорғау аймағы тігінен бұйымның ортасына қатысты симметриялық болуға тиіс.

Қорғаныш аймағының ең аз өлшемдері 1-кесте нормаларына сәйкес алжапқыш арналған пайдаланушының ең үлкен өлшемімен анықталуға тиіс. Көрсетілген өлшемдер 3-суретте көзделген. Қорғау аймақтарының өлшемдері 7.5.1-де берілген әдіспен анықталуға тиіс.



Шартты белгіленулер	А – А Көрсетілгендей, алжапқыш киіп тұрғанда белдік сызығы
$l_1 – l_8$ 1-кестеде берілген өлшемдер	Х – кеудедегі белгіленген орталық нүкте

3-сурет - 1-ші қорғау деңгейі алжапқыштарына арналған қорғу аймақтарының өлшемдері

1-кесте - 1-ші қорғау деңгейі және 2-ші қорғау деңгейі алжапқыштарына арналған қорғау аймақтарының ең аз өлшемдері

Өлшем (3-суретке қараңыз)	Алжапқыш арналған ең үлкен пайдаланушының өлшемдерінен пайызбен өрнектелген алжапқыштар өлшемдерінің мәндері		
	Бойы	Кеудесінің немесе төсінің айналымы	Белінің айналымы
l_1	>22 %	-	-
l_2	>20 %	-	-
l_3	>6 %	-	-
l^*_4	>12 %	-	-
l_5	-	-	>45 %
l_6	-	>45 %	-
l_7	-	>25 %	-
l^a_8	-	-	>10 %
* 1-қорғау деңгейі алжапқыштарына ғана арналған			

5.3.2 Бөлінген 1-ші қорғау деңгейі алжапқыштары

Бөлінген алжапқыштардың жалпы өлшемдері тік кесікпен бөлінетін төменгі бөлігін қоспағанда, бөлінбеген алжапқыштар сияқты болуға тиіс. Бұл кесік қорғаныш киімі арналған өлшемі ең үлкен пайдаланушының бойынан 12 % кем болмауға тиісті, 3-суреттегі l_4 өлшеммен анықталған нүктеден жоғары болуға тиіс.

Бөлінген алжапқыштың кесігінің екі жағынан қорғаныш материал тегіс бетке салынған алжапқышты бақылау кезінде айқас қосылған екі жағы 3-суреттегі l_8 өлшемнен кем болмайтындай етіп ені бойынша ұлғайтылуға тиіс.

5.3.3 Қорғаныш шалбарлар

Қорғаныш шалбарларда бел сызығынан тізеден сәл жоғары сызыққа дейін тұрақты қорғау аймағы болуға тиіс. Қорғау аймағы адам денесінің ортаңғы фронталдық сызығына әрі қарай кеңейте отырып, қарын мен санның алдыңғы және бүйір бетін жауып тұруға тиіс. Қорғау аймағында қорғауға арналған адам денесі айналымының 50 % артық ені болуға тиіс. Бел сызығынан тізеге дейін өлшенген қорғау аймағының тік өлшемі бойы ең жоғары пайдаланушының 30 % кем болмауға тиіс. Қорғау аймағының өлшемі 7.5.3-те белгіленген әдіспен анықталуға тиіс.

5.3.4 Қорғаныш кеудешелері

Қорғаныш кеудешелерінде кеудені, иықты, арқаның жоғарғы бөлігі мен қолды қорғау үшін бел сызығынан бастап үздіксіз қорғалатын аймағы болуға тиіс. Қорғау аймағы, қол үшін ойықтан төмен адам денесінен 45 %-ға кең болуға тиіс. Аймақ иықтың артқы жағымен киімнің қолға арналған төменгі ойығына қарай төмен орналасуға тиіс. Мойын негізі айналымының саласындағы қорғаныш аймағы киім арналған пайдаланушының кеуде айналымынан 55 %-ға кем болуға тиіс. Иықтың алдыңғы жоғарғы бөлігіндегі қорғаныш аймағының ұзындығы киім арналған пайдаланушының биіктігінен 35 %-ға үлкен болуға тиіс. Шынтақ буынан мойын артының орталық нүктесіне дейін сызықпен өлшенген жеңнің төменгі жиегі арасындағы қашықтық киім арналған пайдаланушының кеуде айналымынан 42 %-ға артық болуға тиіс. Қорғау аймағының өлшемдері 7.5.3-те берілген әдіспен анықталуға тиіс.

5.4 Алжапқыштардың, бөлінген алжапқыштардың және қорғаныш шалбарларының аспабаулары, белбеулері мен түймелеу-бекітпелері

5.4.1 Киімнің барлық түрлері

Қорғаныш киімі белгіленген пайдалану кезінде немесе қайғылы жағдайда қорғаныш киімі жылжып кетпеуі үшін аспабаулармен, белбеулермен және түймелеу-бекітпелермен қамтамасыз етілуге тиіс.

5.4.2 Алжапқыштардың шектеулері

Кеудедегі алжапқыштың белгіленген орталық нүктесінің ең үлкен жылжуы 7.6-ға сәйкес көлденең төмен бағытта 30 Н жүктемені қолдану кезінде 75 мм артық болмауға тиіс.

5.4.3 Алжапқыштың аспабаулары мен белбеулері

Алжапқыштың аспабаулары мен белбеулерінің барлық түрлері ұзындығы бойынша реттелуге тиіс, ал олардың реттегіштерінде жүктеме кезінде олардың жылжып кетуіне кедергі жасайтын құрастырылымы болуға тиіс. Аспабаулар 7.6.1 сәйкес (100 ± 5) Н жүктемемен сынау кезінде 10 мм-ден артық жылжымауға тиіс.

Иық аспабауларының ені 35 мм кем болмауға тиіс. Бел сызығы бойымен алжапқыштың белбеуі ені 25 мм кем болмауға тиіс. Бел сызығы бойымен алжапқыш белбеуінің ені 25 мм кем болмауға тиіс. Аспабаулар мен белбеулердің бос ұшы алжапқышты ұстап тұру үшін құралдармен сенімді бекітілуге тиіс. Бекітпелер мен реттегіштер белгіленген жағдайларды қоспағанда, қозғалыссыз болуға тиіс. Тиісті

құрастырылымдағы алжапқыштарда көзделген X және Y пішінді қанша аспабау болса, алжапқышта сонша бекіту нүктелері болуға тиіс (2-суретке қараңыз).

Егер өнеркәсіпте арнайы талаптар белгіленсе, онда тазарту ыңғайлы болуы үшін алжапқыштар құрастырылымы алмалы-салмалы аспабауларды пайдалануды көздеуге тиіс.

Алжапқышты ұстап тұруға арналған құралдар пайдаланушының желкесіне қысым жасауы үшін таңдалуға тиіс.

5.4.4 Бөлінген алжапқыштар

Бөлінген алжапқыштар басқа алжапқыштар сияқты аспабаулармен және ұстап тұруға арналған құралдармен қамтамасыз етілуге тиіс және бөлінген бөліктерінің жамбасқа соғыла беруінен шектеуге арналған қосымша аспабаулары немесе басқа құрылғылары болуға тиіс.

5.4.5 Қорғаныш шалбарлар

Қорғаныш шалбар реттеуші белдік белбеумен немесе иық аспабауларымен («тартқыштармен») қамтамасыз етілуге тиіс.

5.4.6 Қорғаныш кеудешелер

Қорғаныш кеудешелері бүйір жақ реттегіштерімен немесе артынан реттеуші бекітпемен қамтамасыз етілуге тиіс.

5.5 Эргономикалық талаптар

Қорғаныш киімі киген кезде соншалықты ыңғайсыздық тудырмайтын тәсілмен жобалануға тиіс. 7.7 сәйкес сынау кезінде киімнің барлық заттарын сынау нәтижелерінің орташа мәні 1-ші қорғау деңгейіндегі киімдер үшін 2 баллдан және 2-ші деңгейлі киімдер үшін 2,5 баллдан кем болмауға тиіс.

5.6 Салмақ

1-ші қорғау деңгейі: Қорғаныш алжапқыштары мен басқа киімдер қорғау аймағында 3 кг/м^2 кем емес салмақты материалдан дайындалуға тиіс. Сынау 7.8 сәйкес жүргізілуге тиіс.

2-ші қорғау деңгейі: Қорғаныш алжапқыштары қорғау аймағында 4,5 кг/м^2 кем емес салмақты материалдан дайындалуға тиіс. Сынау 7.8 сәйкес жүргізілуге тиіс.

5.7 Тесуге төзімділік

5.7.1 Өзара түйіндер

Тесіктерге қарсылық киімде бар ең аз қорғау аймағының барлық бетінде қамтамасыз етілуге тиіс. Сауыт сақиналары немесе басқа ұқсас элементтер арасындағы өлшемдер немесе 1-ші қорғау деңгейіндегі киімнің кез келген басқа материалының құрылымындағы арақашықтықтар EN 1082-1:1996-да көзделген, ені 4 мм № 2 есептегіш (5.5 қараңыз) EN 1082-1:1996 (6.3 қараңыз) және осы стандарттың 7.9.1 сәйкес сынау жүргізу кезінде олар арқылы өте алмайтындай шағын болуға тиіс.

2-ші қорғау деңгейіндегі киімнің кез келген басқа материалының құрылымындағы тілімшелер, сақиналар немесе ұқсас элементтер немесе арақашықтықтар арасындағы өлшемдер 6.2-де және 4-суретте көзделген есептегіш 7.9.1-де көзделген сынау кезінде киімнің құрылымдық элементтері арқылы өте алмайтындай болуға тиіс.

5.7.2 1-ші қорғау деңгейіндегі киімнің материалын пышақ жүзімен тесу

1-ші қорғау деңгейіндегі киімнің қорғау аймағының материалы 7.9.2 сәйкес сынау кезінде пышақ соққысына төзуге тиіс (2,45 Дж). Тесіп кіруінің орташа тереңдігі 10 мм-ден, ал жеке тесіп кіру – 17 мм-ден аспауға тиіс.

5.7.3 2-ші қорғау деңгейіндегі киім материалын пышақ жүзімен тесу

Тесуге қарсылық 7.9.2 сәйкес бетті қорғау аймағының кез келген бөлігін тексеру кезінде 2-ші қорғау деңгейіндегі киімнің барлық қорғаныш бетінде қамтамасыз етілуге тиіс (4,9 Дж). Пышақтың тесіп кіруінің орташа тереңдігі 12 мм-ден, ал жеке тесіп кіру – 15 мм-ден аспауға тиіс.

5.8 1-ші қорғау деңгейіндегі киім материалының тесуге төзімділігі

Тесуге қарсылық киімде бар ең аз қорғау аймағының бүкіл бетінде қамтамасыз етілуге тиіс. Сынау 7.10-да көзделген әдіске сәйкес жүргізілуге тиіс. Кесу кезінде салынған күштің орташа мәні 50 Н кем болмауға тиіс. Металл сақиналардан немесе металл тілімшелерден дайындалған киім осы тармақтың талабына сәйкес келмейді.

5.9 Металл сақиналардың беріктік шегі (үзу жүктемесі)

1-ші қорғау деңгейіндегі киім үшін 7.11-де көзделген әдістерге сәйкес сынау кезінде сауыттың қорғау материалын үзуге беріктік шегі бір де бір сақина немесе тізбек 100 Н-де үзу жүктемесін қолдану кезінде үзілмейтіндей және ашылмайтындай болуға тиіс. 7.11 сәйкес сынау кезінде 2-ші қорғау деңгейіндегі киімде бір де бір сақина, тізбек немесе тілімше 200 Н күшті қолдану кезінде үзілмеуге және ашылмауға тиіс.

5.10 Су өткізгіштік (қосымша)

Киім дайындалған материал немесе жабын материалы 7.12 сәйкес 200 кПа қысыммен суда сынау кезінде су өткізбеуге тиіс.

6 Сынауға арналған жабдық

6.1 Өлшеу және сынау құралдары мен аспаптарының дәлдігі

Қолданылатын өлшеу және сынау құралдары мен аспаптары ± 1 % дәлдікпен нормаланған сипаттамаларды анықтауды қамтамасыз етуге тиіс.

6.2 Өзара түйіндер есептегіштері

1-ші қорғау деңгейіндегі киімнің қорғау материалының металл элементтері арасындағы арақашықтықты анықтауға арналған есептегіш EN 1082-1:1996 сәйкес келуге тиіс (5.5 қараңыз). 2-ші қорғау деңгейіндегі киімнің қорғау материалының металл элементтері арасындағы арақашықтықтарды анықтауға арналған есептегіш 4-суретте көрсетілген және болаттан жасалуға тиіс.



Шартты белгіленулер:

l_1 (150 ± 5) мм
l_2 50 мм кем емес
l_3 (8 ± 0,5) мм
l_4 (2 ± 0,05) мм
l_5 (12,5 ± 0,1) мм

4-сурет - 2-ші қорғау деңгейіндегі киімнің өзара түйіндері есептегіші

6.3 Пышақпен соққан кезде тесіп өткен тереңдігін анықтауға арналған сынақ қондырғысы

6.3.1 Принцип

Киімнің қорғаныш материалы басқарылатын түсетін блокқа орнатылған пышақтық стандарттық жүзінің бірнеше рет қайталанатын соққысымен сыналады. Сынау жабдығы тетіктерінің элементтері 5-суретте берілген. Сынау үлгілерін бекітетін нақты процедура, түсетін блокты жылдамдату және сынау жүзіне қойылатын талаптар төменде берілген.

Блокты алып тастауға мүмкіндік беретін құралдардың құрастырылымы мен соққаннан кейін сынау пышағына және қажетті қауіпсіздік шараларына қойылатын талаптар берілмеген.



Шартты белгіленулер

1 Үстел
2 Тіреу тақтасы
3 Тіреу
4 Кронштейн
5 Бағыттаушы өзектердің жоғарғы жиегі үшін бекітілетін блок
6 Электромагниттік түсіру механизмі
7 Түсетін блок және сынау пышағы
8 Бағыттаушы өзектер
9 Бағыттаушы өзектердің төменгі шеті үшін бекітетін блок (тесе тура өтетін түсетін блок)
10 Сынау үлгілері
11 Тербеу механизмі

5-сурет - Өту тереңдігін анықтауға арналған сынау жабдығы

6.3.2 Жүздерінің аспасы

Жүздерінің аспасы 6-суретте берілген.

Сынау жүзі блоктың ішіне пышақ жүзі оның шегінен (40±1) мм артық емес шығып тұратындай тәсілмен орналастырылуға тиіс.

Жүзі ұшының орналасуында ауырлық орталығы арқылы өтуге тиісті, блоктың орталық жүзінен l_4 қашықтық ауытқуы болуға тиіс. Блоктың ауырлық орталығы мен жүзі

ұшының деңгейінен жоғары (65 ± 1) мм-ге орналасуға тиіс. Блок бастапқы қалыпта электромагнитпен ұсталып тұруға және оның төрт дөңгелегі немесе мойынтірегі болуға және екі бағыттаушы өзек бойымен еркін жылжуға тиіс.

Блок түсетін биіктік киімнің сынау материалын соққан сәтте жүзінің ұшының қозғалу жылдамдығы (2,45 ± 0,1) Дж немесе (4,9 ± 0,2) Дж күшпен соққы жасау үшін 250 мм немесе 500 мм белгіленген сынау биіктігіндегі вакуумде еркін түсетін массаға тең болатындай етіп белгіленуге тиіс.



Шартты белгіленулер	
1 Бағыттаушы өзек	l_1 (100 ± 1) мм
2 Дөңгелек немесе мойынтірек	l_2 (65 ± 1) мм
3 Блок	l_3 (40 ± 1) мм: ерекшелік 7.9.2-де берілген
4 Массаның дұрыс таралуына қол жеткізуге арналған кесілген кеңістік	l_4 (5 ± 0,1) мм
5 Блоктың және сынау пышағының ауырлық орталығы	l_5 (75 ± 1) мм: сынау блогының еніндегі бағыттаушы өзектер орталықтары арасындағы арақашықтық
6 Сынау пышағы	Масса (1000 ± 5) г
	Қалған өлшемдер регламенттелмейді

6-сурет – Пышақты ұстап тұратын блок

6.3.3 Сынау жүзі

Пышақтың сынау жүзі суықтай иленген тот баспайтын болаттан жасалуға және оның 7-суретке сәйкес кесетін бөлігінің өлшемдері болуға тиіс. Оның жиегі үшкір және тік болуға тиіс, ал элементтің кесетін бетінің қаттылығы 47 HRC-тен 49 HRC дейін болуға тиіс.

Кесетін бетінің қаттылығы әрбір сынау алдында тексерілуге тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Сынақтар өткізілгеннен кейін пышақтың жүзі жатық және өткір болуға тиіс, қажет жағдайда, қайрақ таста қолмен қайрау арқылы өткірленеді.



Шартты белгіленулер:

α_1 Екінші қырға қатысты бір қырының қайталаған бұрышы (30 ± 1)° болуға тиіс

α_2 Өткір қайрау бұрышы - (30 ± 1)°

l_1 Жүзінің ұзындығы 65 мм кем емес

l_2 Жүзінің ені (20 ± 0,5) мм

l_3 Жүзінің қалыңдығы: (1,5 ± 0,05) мм.

7-сурет – Сынау пышағы

6.3.4 Сынау үлгісі

8-суретте сынау жабдығы берілген, оған қойылатын талаптар төменде сипатталған. Киімнің қорғау материалының сынау үлгілері ішкі өлшемдері 300 мм × 300 мм кем емес және тереңдігі 100 мм тұғырыққа орналастырылуға тиіс. Тұғырық адамның ет салмағын білдіретін пластмассаның жоғарғы деңгейіне дейін толтырылуға тиіс (6.3.5 қараңыз).

Өлшемі 400 мм × 400 мм кем емес сынау үлгісі сынақ үлгілерін сыртқы диаметрі 800 мм кем емес құрсауға аударуды қамтамасыз ететіндей орналастырылған арқанда әрқайсысы (400 ± 10) г салмақпен сегіз кіртастың көмегімен созылуға тиіс. Құрсау мен тұғырық беті арасындағы арақашықтық арқан 90° бұрышпен киім материалы үлгісінен тұғырық жағының орташа нүктесіне қарай адамның ет массасын білдіретін масса бетінің жалпақтығынан төмен (30 ± 15)°-та болатындай болуға тиіс.

Арқандар сақина арқылы өтуге тиіс және құрсауда қалпымен бекітіле алады. Қалпы сынау жабдығы, тұғырық немесе құрсау бір мезгілде бірдей бүтін зар сияқты көлденең желіге (30 ± 2)°-қа бүгіле алатындай болуға тиіс.



а) қырынан түрі



b) жоғарғы жағынан түрі

Шартты белгіленулер:

1 Сынақ үлгісі
2 Массасы
3 Тұғырық
4 Қысқы
6 Құрсаудағы сақина
7 Құрсау
8 Кіртастар
9 Бүгілу механизмі

8-сурет - Сынақ үлгісінің тіреуі

6.3.5 Адамның ет массасын білдіретін пластмасса

6.3.5.1 Принцип

Сынақ пышағымен соққан кезде киімнің сынау материалын білдіретін материалдың пішіні бұзылуға және оның адам денесіне ұқсас сипаттамалары болуға тиіс. Сынақтар үшін 6.3.5.2-де сипатталған пішінсіздену сипаттамалары мен үйінді тығыздығы бар кез

келген материал жарамды. Адам денесіне сәйкес келетін жұмсақ массаны қалыптастыру үшін үйінді тығыздығы төмен ұнтақты пайдалануға жол беріледі, өйткені оның қасиеттері температураға байланысты. [1)]

6.3.5.2 Эластик емес пластик материалдың (пластмассаның) қасиеттері

Материалдың тығыздығы 1000-5000кг/м^3 шегінде болуға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Мұндай материалды сұйық парафинмен ақ ұсақ ұнталған жүгері ұнын араластыра отырып дайындауға болады. (Paraffinum liquidum: Европа Фармакопеясы – 1997:0239). 1 кг ұн үшін тығыздығы 0,84-0,86 болатын 170 мо шамасындағы парафин қажет етіледі. Егер қоспа өте ауыр болса, онда парафинді, немесе керісінше ұнды көбірек қосуға болады. 6.3.5.3 сәйкес сынау кезінде сынақ пышағының өтетін орташа тереңдігі (20 ± 2) мм тең. Осы нәтиже жеткізілетін температура алжапқыш материалының үлгісін 48 сағаттан кем емес уақыт кондиционерлеу үшін бір мезгілде пайдаланылатын ± 2 °С тең.

6.3.5.3 Пластмассаның реологиялық қасиеттерін растау

Пластмасса жоғарғы шетіне дейін сынақ үлгілерімен толтырылған, сынақ үлгілеріне арналған тұғырыққа салынуға тиіс. Ауа көпіршіктерін азайту керек. Тұғырық ±1 °С басқарылатын қоршаған орта температурасында 24 сағаттан кем емес уақыт сақталуға тиіс.

Пластик массалы тұғырық қатты негізде, мысалы, бетон еденге орналастырылады және диаметрі (63,5 ± 0,05) мм және массасы (1043 ± 5) г болат шарды ұстап тұратын лақтыру механизмімен жабдықталады[2)]. Шардың төменгі беті толтырылған тұғырық бетінен (2000 ± 5) мм-ге жоғары реттелуге тиіс. Шармен соғу нүктесіндегі беті 1 м-ге ± 50 мм жол берілетін ауытқуы бар көлденең бет болуға тиіс. Шар пластмассаға он рет лақтырылуға тиіс. Соққы нүктелері тұғырық шетінен 60 мм кем емес және соққының басқа нүктесінен 90 мм артық қашықтықта болуға тиіс. Ұсталмаған материалға немесе тұғырық шетіне қатысты әрбір майысқан жердің орталық тереңдігі ± 0,5 мм дейінгі дәлдікпен өлшенуге тиіс. 10 өлшем нәтижесі бойынша басу тереңдігінің орташа мәні есептелуге тиіс.

[1)] Адам денесін білдіретін объект мүдделі тұлғаларға үнемі қолжетімді, өндірушілердің сауда маркасы болып табылады. Жеткізушілер туралы нақты деректер үшін DIN e. V., D-10772, Неміс стандарттау институтына, Берлин, Германия, CEN/TK 162 Хатшылығына хабарласыңыз. Осы ақпарат осы стандартты пайдалануға ыңғайлы болу үшін берілген, бірақ қолдану үшін міндетті болып табылмайды. Егер кез келген басқа ұқсас объектілерді қолдану осы стандартта сипатталған ұқсас нәтижелерді алуға мүмкіндік берсе, сынау үшін оларды пайдалануға болады.

[2)] Шар RB-63 "SKF - Kugellager-Fabriken GmbH" ЖШС, D-70336 Штутгарт, жеткізетін өнімнің сауда маркасы болып табылады. Егер техникалық және метрологиялық сипаттамалары сәйкес келсе, кез келген басқа жабдықты пайдалануға болады.

6.4 Үзілу жүктемесін анықтауға арналған сынау қондырғысы

Жабдық екі сынауға арналған металл сақиналарға орнатылатын екі металл өзектен тұруға тиіс. Жабдық 1-ші қорғау деңгейіндегі киім материалы үшін металл өзектерді жылжыту кезінде (100 ± 10) Н және 2-ші қорғау деңгейіндегі киім материалы үшін (200 ± 10) Н жүктемені қамтамасыз етуге тиіс. Ең үлкен жүктеме сынау басталғаннан кейін 2 с ерте емес және 10 с кеш емес, кезең сайын жеткізілуге тиіс. Ең жоғарғы жүктемені үнемі ұстап тұрудың қажеті жоқ. Металл өзектер 1-ші қорғау деңгейіндегі материалдар үшін (1,2 ± 0,1) мм диаметр және 2-ші қорғау деңгейіндегі материалдар үшін (2,0 ± 0,2) мм диаметр болуға тиіс. Егер бұл ретте, өзек орналастырылуға тиісті саңылау диаметрі жағынан аз болса, онда өзек саңылауға кіргенге дейін өлшемінен азайтылуға тиіс.

Осы сынақты өткізу процедурасына қойылатын талаптар туралы ақпарат және қолдануға рұқсат етілген кейбір сынақ жабдығының типтері В қосымшасында берілген.

6.5 Кесуге төзімділігін анықтауға арналған жабдық

Кесуге төзімділігін анықтау үшін қолданылатын жабдық EN ИСО 13997-де көзделген.

6.6 Су өткізгіштік

Су өткізгіштігін өлшеуге арналған жабдық EN 20811:1992 сәйкес келуге тиіс.

7 Сынақ өткізу процедуралары

7.1 Жалпы ережелер

Жүйесімен орындалатын өлшемдердің әрқайсысы үшін, осы стандартқа сәйкес соңғы нәтиженің белгісіздігін тиісті бағалауды орындау қажет. Алынған белгісіздік (Um) Um = ± X формасында сынақ хаттамасында берілуге тиіс. Осы белгісіздік формасы қанағаттанарлық сынақ нәтижесіне қол жеткізу үшін қолданылуға тиіс. Мысалы, егер «минус Um» соңғы нәтижесі, яғни берілген деңгейден төмен, сонымен қатар ол жоғары болуға тиісті нәтиже, үлгілерді сынау нәтижелері қанағаттанарлықсыз деп есептеледі.

7.2 Сынау үлгілері

Сынау үлгілерін дайындаушылар немесе олардың өкілдері 7.3 – 7.12-де сипатталған процедураларға сәйкес сынақ басталғанға дейін, 9-тарау бойынша дайындаушы таңбалауымен және ақпаратымен жеткізуге тиіс.

7.7 – 7.12-де көзделген сынақ процедуралары үшін сынақ үлгілері сынақтар басталғанға дейін 48 сағаттан кем емес уақыт ішінде (20 ± 2) °С температурада және 65± 5) % салыстырмалы ауа ылғалдылығында кондиционерленуге тиіс. Сынақтар қоршаған орта жағдайларындағыдай жағдайда немесе тікелей үлгілерді іріктегеннен кейін, кондиционерлеуден кейін жүргізілуге тиіс.

7.3 Қауіпсіздік

Киім пайдаланушыға және басқа тұлғаларға зиян келтіруі мүмкін үшкір шеттері, ірімжіптер немесе басқа заттар сияқты сыртқы түрдегі ақауларды анықтау үшін органолептикалық және көз шамасымен бақылау арқылы тексерілуге тиіс. Дайындаушы беретін ақпаратта киім материалының құрамында пайдаланылған заттардың тізімі бар екені, оның ішінде аллергиялық және(немесе) жоғары сезімталдық (материалдардың) анықталуы қажет. Бақылау нәтижелері сынақ хаттамасында тіркелуге тиіс.

7.4 Киімнің өлшемі

Киімнің өлшемдері мен олардан жол берілетін ауытқулар дайындаушы беретін киім бөлшектеріне арналған ақпаратта өлшемдермен бір мезгілде салыстырғанда сантиметрлік таспалармен немесе басқа құралдармен киімнің таңбалауда көрсетілген ақпараттың киімге сәйкес келетін-келмейтінін анықтау үшін бақыланады. Киімнің сәйкестігі адам денесінің белгіленген өлшемдеріне сәйкес келетін объектілерінде қиыстыру жолымен тексерілуге тиіс. Өлшемді анықтау нәтижелері сынақ хаттамасына тіркелуге тиіс.

7.5 Қорғау аймақтары өлшемдерін өлшеу

7.5.1 1-ші қорғау деңгейіндегі алжапқыштар

Таңбалауда көрсетілген ең үлкен өлшемдегі пайдаланушыға арналған ең аз өлшемдер 5.3.1-дегі 1-кесте бойынша есептелуге тиіс. Алжапқыш материалын қорғау аймағының барлық есептелген өлшемдері өлшеу нәтижелерімен расталуға тиіс. Алжапқышты бетін салады және қорғау аймағын барынша ұлғайғанға дейін барлық

бағыттарда созады. Егер алжапқыштың құрылымы бірнеше қабаттан тұратын болса, қорғау аймақтарын өлшеу алжапқыштың сыртқы жағының кесігінде жасалуға тиіс.

5.3.1-де көрсетілген l_1, l_2 және l_4 өлшемдері бел сызығы болып табылатын А-А сызығынан өлшенеді. Бел сызығының қалпы тиісті заты бойынша алжапқышты дайындау және реттеу арқылы (А.6.2 қосымшасын қараңыз) және жамбас сүйегі деңгейінен жоғары тұрған көлденең сызық ретінде анықталатын бел сызығын таңбалаумен анықталуға тиіс.

Есептелген ең аз өлшемдер мен орындалған өлшемдерді салыстыру нәтижелері сынау хаттамасында тіркелуге тиіс.

7.5.2 2-ші деңгейлі алжапқыштар

Алжапқышты тегіс бетке қояды. Оны беті аймағын барынша ұлғайғанша барлық бағыттарға алақанмен созады және содан кейін бос қалпында қалдырады. 3-суретте көзделген $l_1 - l_3$ и $l_5 - l_7$, өлшемдерді ± 1 % дейінгі өлшем дәлдігімен сызғышпен өлшейді. Миллиметрмен өрнектелген мәндер сынақ хаттамасына тіркеледі.

7.5.3 Қорғау шалбарлары мен кеудешелер

Шалбарлар мен кеудешелердегі қорғау аймақтарының өлшемдері алжапқышқа жүргізілетін өлшемдерге ұқсас өлшенуге тиіс (7.5.1 қараңыз). Егер қажет етілсе, материалды тегіс төсеу үшін шалбарлардың немесе кеудешелердің астары материалын кесу немесе тиісті өлшемдегі объектіде немесе манекенде өлшеп көру уақытында өзге қолжетімді тәсілмен өлшеуді орындау қажет.

Қорғау аймақтарының есептелген ең аз өлшемдері мен оларды өлшеу нәтижелері, қорғаныш материалымен қамтамасыз етілетін жабынның сапасын бақылау нәтижелері сынақ хаттамасында тіркелуге тиіс.

7.6 Алжапқыштар мен қорғаныш кеудешелерінің аспабауларын, белдіктері мен түйме ілгектерін сынау

7.6.1 Жалпы ережелер

Киім манекенде немесе тиісті өлшемдегі объектіде қиюластырылуға тиіс. Аспабаулардың, белдіктердің және түйме ілгектерінің жол берілетін өлшеулері затбелгіде белгіленген пайдаланушылар өлшемдеріне сәйкес келуге тиіс.

Киім манекенде қиюластырылуға немесе тиісті өлшемдегі субъектіге кигізілуге тиіс. Түйме ілгектері дайындаушының нұсқаулығына сәйкес реттелуге тиіс. Серіппелі таразы (безмен, динамометр немесе басқа ұқсас құрылғы) рет-ретімен, қорғаныш материалының кем дегенде он нүктесіне бекітілуге тиіс. Бұл нүктелер бел сызығынан жоғары бүйірлері бойынша және алжапқыш етегінің жиегі бойымен орналастырылуға тиіс. (30 ± 2,5) Н күшпен үзу жүктемесі қорғаныш материалының бетіне перпендикуляр және әрбір бақыланатын нүктеде шетіне шамамен 90° бұрышпен салынуға және 30 с кем емес уақыт ішінде шыдауға тиіс.

Үзу жүктемесін қолдану кезінде кеудедегі алжапқыштың немесе кеудешенің белгіленген орталық нүктесінің қалпын өзгерту өлшенуге тиіс. Киімнің қалпы күшті әрбір қолдану арасында түзетілуге тиіс.

Сынақ нәтижелері хаттамада тіркелуге тиіс.

7.6.2 Қорғаныш шалбарларының аспабауларын, белдіктері мен түйме ілгектерін сынау

Киім манекенде немесе тиісті өлшемдегі объектіде қиюластырылуға тиіс. Түйме ілгектері дайындаушының ақпаратына сәйкес реттелуге тиіс. Серіппелі таразы (безмен, динамометр немесе басқа ұқсас құрылғы) рет-ретімен, қорғаныш материалының кем дегенде он нүктесінде пайдаланылуға тиіс. Бұл нүктелер сынау кезінде салынатын күш, киімді қолдану кезінде болуы мүмкін бағыттарға ұқсас бағыттармен созуға мүмкіндік берілетіндей етіп таңдалуға тиіс. (30 ± 2,5) Н күшпен үзу жүктемесі қорғаныш

материалының бетіне перпендикуляр және әрбір бақыланатын нүктеде шетіне шамамен 90° бұрышпен салынуға және 30 с кем емес уақыт ішінде шыдауға тиіс.

Жүктемемен жылжу бақылануға және шектеу жүйесінің тиімділігі анықталуға тиіс.

7.6.3 Ұстап тұратын құрылғыларды жылжытуға сынау

Сынау үшін алты иірімжіпті және оған кіретін аспабауларды киімнің әрбір шығарылатын типі үшін іріктейді. Олар таза және құрғақ болуға тиіс. Олардың үшеуін (30 ± 5) мин бойы (80±2) °С температурада қорытылған шошқа майына салу керек және содан кейін сынау басталғанға дейін 30 мин кем емес уақыт бойы кептіру керек. Үш басқа аспабаулары бар айылбасты тікелей сынақ жүргізер алдында (30 ± 5) мин бойы (20±2) °С температурада суға салу керек.

Айылбасқа бекітілген аспабаулар сынау үшін қатты тіреуге бекітілуге тиіс. Бекітілген аспабау киім бекітпелеріндегі қиындық келтіретін жер болғанымен, айылбас арқылы (100 ± 10) мм жылжуға тиіс. Киімге бекітілген қозғалмалы аспабаудың ұшы (30 ± 5) с бойы (100 ±5) Н күшпен үнемі созудан өтуге тиіс. Айылбас арқылы аспабаудың кез келген қозғалысын өлшеу керек.

7.7 Эргономикалық сынақтар

7.7.1 Жалпы ережелер

Киім эргономикалық көзқарас тұрғысынан бақылануға тиіс. Киімнің өлшемдерін, қиюластыруды және эргономикалық сипаттамаларын киімге тәжірибелік киіс беру сынағын өткізетін, қажетті іс-әрекетті орындайтын және сарапшының сұрақтарына жауап беретін адамдардың сынау тобының (бұдан әрі – субъектілер) көмегімен бағалаушы анықтауға тиіс.

7.7.2 Сынау топтары

Сынау тобының мүшелері қорғаныш киімі арналған мамандар қатарынан таңдалуға тиіс. Топ мүшелері қорғаныш киімінің өлшемдеріне сәйкес келетін дене сымбаты болатындай іріктелуге тиіс. Медициналық көзқарас тұрғысынан дене бітімі сау болуға тиіс. Олардың денесінің өлшемдерін сыналатын киімнің дайындаушысына немесе жеткізушісіне өлшеніп, берілуге тиіс. Кемі бес ер және бес әйел кісі сынақтарға қатысу үшін іріктеледі. Олардың дене сымбатының өлшемдері шағын, орташа және үлкен өлшемдегі киімді бағалауға болатындай болуға тиіс.

7.7.3 Процедуралар

Үш субъект киімді киіп, оны дайындаушының нұсқаулықтарына және ақпаратына сәйкес реттеуге тиіс. Олар киімді киюге, оның аспабаулары мен бекітпелеріне байланысты өздерін шектеу мүмкіндігін бағалау үшін қажетті қозғалыстар жасауға тиіс. Қозғалыстар киімді пайдаланушылар үшін тән болуға тиіс және мыналарды қамтуға тиіс:

- қолды бастан жоғары көтеру;
- қолды бастан жоғары жаққа көтеру;
- еден деңгейінен 300 м жоғары тұрған заттарды жинауға ұқсатып, қолдарын алдыға созып денені бірнеше еңкею;
- заттарды жерден көтергенге ұқсатып, аяқтарын алға созып бірнеше рет еңкею;
- еден жабынына арналған материалда жұмыс істеуге ұқсатып, тізесімен еңбектей отырып, қолды жерге денесінің алдына қою;
- кіші өлшемге ұқсатып, жұмыс беті алдында одан 800 мм жоғары тұрып қолдарын бірге айқастырып ұстау;
- заттармен жұмыс істеу;
- қыдыру;
- баспалдақпен жүру;

- қалған қозғалыстар киімді пайдаланушылар үшін типтік деп есептеледі.

Әрбір қозғалысты бірнеше рет орындағаннан кейін, сынау тобының субъектілері төмендегідей тәсілмен баллмен бағаланатын өз сезімдері туралы есеп беруге тиіс:

0 Шектеулер мен ыңғайсыздық жоқ;

1 қозғалыстың шағын шектеуі, ыңғайсыздық;

2 қозғалыстардың ыңғайсыздығы бар шағын шектеулері;

3 қозғалыстың айтарлықтай шектеуі және ыңғайсыздық;

4 күш салмай және ыңғайсыздықсыз мүмкін емес қозғалыс;

5 Қозғалу мүмкін емес.

Сынау тобының әрбір субъектісінің жазылған баллдары орындалған қозғалыстардың санына қосылуға және бөлінуге тиіс. Қозғалысты бастапқы топтағы 3 немесе одан жоғары орташа баллмен бағалайтын әрбір субъектіден кейін процедураны келесі субъект орындауға тиіс. Ақырында сынау тобының барлық субъектілерінің баллдарының орташа арифметикалық мәні есептеледі. Әрбір нақты субъектінің баллдары және барлық субъектілер баллдарының орташа арифметикалық мәні сынақ хаттамасында тіркелуге тиіс.

7.8 Массаны анықтау

Киімнен қорғаныш аймағы бар материалдар үлгісі іріктеліп, дайындалуға тиіс. Үлгілердің сызықтық өлшемдері мен салмағы өлшенуге, ал қорғаныш аймағының бірлігіндегі масса есептелуге тиіс. Осы процедура қорғаныш аймағындағы материалдардың барлық ықтимал комбинациялары үшін қайталануға тиіс.

Нәтижелері сынақ хаттамасына тіркелуге тиіс.

7.9 Тесік тереңдігін сынау

7.9.1 Өзара түйіндер

EN 1082-1:1996-да көзделген № 2 монометр (5.5 қараңыз) 1-ші қорғаныш деңгейіндегі киімнің қорғаныш аймағындағы түйіндер арасындағы арақашықтықтарды анықтау үшін пайдаланылуға тиіс. 2-ші қорғаныш деңгейіндегі киім 6.2-де және 4-суретте көзделген манометрді қолданып сыналуға тиіс. Манометрді киім материалының түйіндері арасына (10±0,5) Н дейінгі күшпен итеру керек.

Сынау кезінде материалды, егер манометр солардан материалдың бір қабаты арқылы өтсе, июге және айналдыруға жол беріледі. Құрылымдық элементтер арасындағы әр түрлі арақашықтықтағы материалдармен әрбір типтегі бес үлгі олардан бесеуден кем қалғанға дейін сыналуға тиіс. Құрылымдық элементтер арасындағы арақашықтық, егер олар жұмсақ пластик материалмен, резеңкемен немесе өзге ұқсас толтырғышпен толтырылса немесе жабылса, ұқсас тәсілмен сыналуға тиіс.

Қорғаныш материалы арқылы манометрдің өткен барлық жағдайлары мен шарттары сынақ хаттамасында тіркелуге тиіс.

7.9.2 Пышақпен соққан кезде өту тереңдігін анықтауға сынау

Пышақпен соққан кезде 1-ші қорғау деңгейіндегі киімнің өту тереңдігін анықтау үшін сынау мынадай тәсілмен орындалуға тиіс.

Лақтырудың номиналды биіктігі (2,45 ± 0,1) Дж күшпен соғуды қамтамасыз ету үшін 250 мм болуға тиіс. 2-ші қорғау деңгейіндегі киім (4,9 ± 0,2) Дж соққыны қамтамасыз ете отырып, 500 мм лақтырудың номиналды биіктігімен сыналуға тиіс. Қорғау аймағы шеңберінде құрастырылымның барлық типтері көлденең салынған материалда жеке он соққымен сыналуға тиіс.

Электромагниттік түсіру механизмінің биіктігін тиісті биіктікке дейін реттейді. Тесуге 10 сынақ сынақ үлгілерінде кездейсоқ соққылар жасайтын өткір, майланған сынақ пышақтарымен жасалуға тиіс. Сынақ үлгілері мен төсем-материал көлденең қалыпта

болуға тиіс. Әрбір сынақтан кейін соққының әр түрлі 10 бағытын қамтамасыз ету үшін пышаққа қатысты шамамен 35°-ға үлгіні айналдырады. Соққы орны тегіс пластмассадағы зақымдалмаған сынақ үлгісі бар тұғырық шетінен 80 мм кем емес қашықтықта болуға тиіс.

Тұғырықпен, үлгімен және құрсаумен көлденең сызыққа (30 ± 2)° көлбеумен соққылар сериясы қайталанады. Құрсаудың айналасымен арқан өтетін сақиналарды жабдық иілгенге дейін бекітеді. Тұғырықтың көлбеу жалпағынан төмен алжапқыш материалының тік осімен бес сынақ және тұғырықтың жалпағының кесе көлденең бағытымен бес сынақ орындалады. Тұғырықты, сынау үлгісі мен құрсауды сынақ басталғанға дейін сынақ жүзіне қатысты шамамен 60°-қа бұрады. Пышақты ұстап тұрған блок сынақ үлгісін соқпайтындай болуы тексеріледі. Егер бұл осылай болса, кез келген белгілі бір бағытта блоктан шығып тұратын пышақтың ұзындығы ұлғаюға тиіс. Бұл 6-суреттегі l_3 өлшем. Әдеттегідей, пышақ (40 ± 1) мм артық шығып тұрмауға тиіс.

Әрбір сынақтан кейін ± 0,1 мм дейінгі дәлдікпен сынақ үлгісінен төмен шығып тұратын пышақтың сыртқы жағынан ұзындығын өлшейді. Көлденең және көлбеу сынақтар кезінде тесудің орташа мәнін есептейді. Сынақтардың екі сериясынан орташа және ең жоғарғы өтуді хаттамалайды.

7.10 Кесуге төзімділікті анықтау үшін сынау

7.10.1 Жалпы ережелер

1-ші қорғаныш деңгейіндегі киімнің кесуге төзімділігін анықтау үшін киімді сынау EN ISO13997 сәйкес орындалуға тиіс.

7.10.2 Сынақ үлгілері

Киімнің қорғаныш аймағындағы құрылымның әрбір типін білдіретін сынақ үлгілері 35 мм × 100 мм кем емес өлшеммен сынақ материалынан кесілуге тиіс. Сынақ үлгілері сынақ кесіктері бір-біріне 120° градуспен бағытталуы үшін бір-біріне 60° бұрышпен әр түрлі үш бағытта кесіледі.

Сынақтар өткізу үшін үлгілердің кем дегенде екі жинағы дайындалады. Кесу кезіндегі күш әрбір бағыттың үлгілері үшін анықталады және орташа арифметикалық мән ретінде есептеледі.

Сынауға дайындау кезінде көп қабатты құрылымды материалдардың сынақ үлгілері қабаттарды қалыпты бағытта ұстау үшін ұзын жағымен арнайы қаусырмалармен тігіледі немесе қосылады. Сынақ үлгілерінің ұстатқышын майыстыру осындай сынақ үлгілерін дайындауды қамтамасыз етуге тиіс.

7.10.3 Сынақ үлгілерін орнату

Тікелей кескеннен кейін және тиісті тәсілмен дайындағаннан кейін сынақ үлгілерін қондырғының ұстағышының желім таспасына жаяды және үстінен баспай оған жабыстырады.

7.10.4 Сынақтардың саны

Кесу кезінде күштеуге жасалатын әрбір сынаққа кем дегенде он бес кесік жасау кіреді. Сынақ сынақ үлгілері кесілген үш бағыттың әрқайсысының үлгілері үшін жасалады. Егер материал кесу бағытымен әсіресе сезімтал болса, үлгілерің екінші кешені үш белгіленген бағыттың сынақ үлгісінде аралық бағыттарды есепке ала отырып дайындалады. Соңында бұл сынақтардың аса негізделген нәтижелерін алуға ықпал ететін болады. Сынақтардың нәтижелері бойынша үлгілердің бірінші және екінші кешенін сынаудың орташа арифметикалық мәні есептеледі.

Сынақ хаттамасында белгіленген бағыты бар әрбір нақты үлгі бойынша кесу кезінде күштеуді сынау нәтижелері және барлық үлгілердің сынақ нәтижелерінің орташа арифметикалық мәні тіркеледі.

7.11 Үзілуге беріктік шегін (үзілу жүктемесін) сынау

Сынақ жабдығында үзілу жүктемесін реттейді (5.9 қараңыз). Металл өзектерді өзара жабылған сақиналар жұбымен немесе тілімшенің қарама-қарсы жақтарындағы сақиналар жұбымен немесе ұқсас қосылыстармен бекітеді. Сақиналарды 0 Н-нен 100 Н дейін, немесе 0 Н-нен 200 Н дейін бастап әр жаққа 2 с-тен 10 с дейінгі уақыт ішінде созып, үзілу жүктемесін сатылай өзгертеді.

Бүлінбеген киімнің кездейсоқ іріктеу әдісімен анықталған жерлерінде 50 өлшеу орындалады. Тиісінше 100 Н немесе 200 Н кем күшпен қолданған кезде сақиналар немесе тілімшелер ашылған немесе үзілген барлық жағдайлар сынақ хаттамасында тіркеледі. Үзу кезінде қолданылатын күшті хаттамалау талап етілмейді.

7.12 Су өткізбеуді өлшеу

Су өткізбеуді анықтау сынағы EN 20811:1992 сәйкес 300 кПа қысымды ұстап тұруға қабілетті жабдықта жүргізіледі. Сынақтар бес үлгіде жүргізіледі. Қысым 60 кПа/мин-тан 100 кПа/мин дейінгі жылдамдық кезінде қолданылуға тиіс. Су үлгі бетінде үш жерде пайда болатын қысым немесе үлгі үзілетін қысым немесе қысым 300 кПа жеткен кезде жазылады.

Жеке алынған нәтижелердің орташа арифметикалық мәні есептеледі және барлық мәндері жазылады.

8 Таңбалау

Қорғаныш киімін таңбалау *«Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламентіне* сәйкес *қазақ және орыс тілдерінде* орындалған, айқын және сүртілмейтін (шайылмайтын) болуға тиіс және онда мынадай ақпарат жазылуға тиіс:

- дайындаушының және оның уәкілетті өкілдерінің атауы мен тауарлық белгісі;
- бұйымның немесе негізгі материал түрінің/типінің белгіленуі, олардың саудалық атауы немесе коды (артикул).
- EN 340 сәйкес өлшемнің белгіленуі;
- киімнің қорғаныш деңгейі;
- киімнің сыртқы бетін білдіретін таңбалау, егер бұл айқын болмаса;
- киімнің сыртқы бетіндегі тиісті қорғаныш деңгейінің пиктограммасы;
- киімді немесе тиісті пиктограмманы қолдану жөніндегі дайындаушының ақпаратымен қолдану жөніндегі нұсқаулық [10 с суретін қараңыз)];
- осы стандарттың белгіленуі.

Тағайындалуына байланысты киімнің таңбалауына мыналар кіруге тиіс:

- киімді арналуы бойынша қолдану шарттары және ол қолданылмауға тиісті шарттар;
- қорғаныш жүргізілуге қарсы қол пышақты қолдану кезінде анықталған қауіптіліктер;
- материалдың тоқыма түрі мен өзге де түрлерінен дайындалған киім типтері;
- EN 340 сәйкес киімді күту бойынша жадынамалар, оның ішінде киім күту жөніндегі жадынамаларға арналған халықаралық символдар.

9 Дайындаушы ұсынатын ақпарат

Қол пышақтардың әсерінен қорғауды қамтамасыз ететін киім *қазақ және орыс тілдерінде* қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге берілуге тиіс. Нұсқаулықтар айқын, нақты және түсінікті болуға тиіс. Ақпарат тұтынушыны жаңылыстыруға соқтырмайтын,

айқын және түсінікті болуға тиіс және онда киімнің белгілі бір түрлеріне қолданылатын мынадай деректер жазылуға тиіс:

- 8-тараудан ақпарат;
- дайындаушының немесе импортердің заңды мекенжайы;
- өзінің арналуы бойынша жасалатын жұмыстардың бекітілген түрлері;
